97	Зарлық Нұржанат Шынболатқызы 10- сынып білім алушысы	Республикалық « Абай оқулары » байқауының аудандық кезеңіне, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша қатысып І орынды иеленді. Жетекшісі: Г.Қазиханқызы.
98	Зарлық Нұржанат Шынболатқызы 10- сынып білім алушысы	Республикалық « Абай оқулары » байқауының облыстық кезеңіне, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша қатысып ІІІ орынды иеленді. Жетекшісі: Г.Қазиханқызы.
99	Зарлық Нұржанат Шынболатқызы 10 -сынып білім алушысы	« Жанар-жыр, Жанар-сыр » атты Жанар Нұрғалидың 50 жылдығына арналған аудандық байқауға қатысып, жүлделі ІІ орын алды. Жетекшісі Г.Қазиханқызы.
100	Зарлық Нұржанат Шынболатқызы 10 -сынып білім алушысы	Республикалық « М.Мақатаев оқулары » аудандық кезеңге қатысып, ІІІ орын иеленді. Жетекшісі Г.Қазиханқызы.
101	Жанкелді Даниал Ерікұлы 10 -сынып білім алушысы	Республикалық « М.Мақатаев оқулары » аудандық кезеңге қатысып, Мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі Г.Қазиханқызы.
102	Кемал Нұрислам 9- класс білім алушысы	« Кенгуру » ойын конкурсына қатысып, І орын ие болды. Жетекшісі: Мәдиева Ж
103	Жанкелді Даниал Ерікұлы 10 -сынып білім алушысы	« Кенгуру » ойын конкурсына қатысып, І орын ие болды. Жетекшісі: Мәдиева Ж
104	Амангелді Алтынзер 7- класс білім алушысы	« Кенгуру » ойын конкурсына қатысып, І орын ие болды. Жетекшісі: Қожабекова З
105	Әбілқасымұлы Игілік 7- класс білім алушысы	« Кенгуру » ойын конкурсына қатысып, І орын ие болды. Жетекшісі: Қожабекова З
106	Сайынбекұлы Жомарт 3- класс білім алушысы	Республикалық « Мұқағали оқулары » бауқауына қатысып, ІІ орын иеленді. Жетекшісі: Жолмұратова Ж
107	Жұмажан Тахмина Аманбекқызы 4 -класс білім алушысы	Республикалық « Мұқағали оқулары » бауқауына қатысып, ІІ орын иеленді. Жетекшісі: Мұқашева А

2021-2024 жылдар аралығындағы жетістіктер саны

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		І орын	ІІ орын	ІІІ орын	І орын	ІІ орын	ІІІ орын	І орын	ІІ орын	ІІІ орын
2021 -22	36		2	4	1	1	1	18	3	1
2022-23	63	7	4	5	5	2	1	19	8	2
2023-24	107	5	5	8	4	8	4	22	21	7

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының

педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық.

2021-2022 оқу жылына арналып Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында мектебімізде 8 педагог біліктілік арттыру курсынан өткен.

2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес, яғни 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспарына сәйкес 11 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

2023-2024 оқу жылында біліктілікті арттыру перспективтік жоспар негізінде соңғы 2021 жылы курстан өткен педагогтердің және 2023-2024 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, 18 педагог біліктілік арттыру курсынан өткізілген және де шағын жинақты мектеп мұғалімдерін біліктілік курсынан өткізу нәтижесінде мектебіміздің 3 мұғалімі «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» курсынан өтті.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша
2021-2022 оқу жылы	32	8	11
2022-2023 оқу жылы	31	11	7
2023-2024 оқу жылы	32	22	

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2021-2022 оқу жылы			
2022-2023 оқу жылы	Қуандықов Жасұлан Айтуғанұлы «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 430 академиялық сағат, ПШО, 22.12.2022 ж. QR: 3f52238b9		
2023-2024 оқу жылы		Қанатбаева Саманта Жаназарқызы «Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының	Қалиев Шынболат Зарлықұлы «Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының

			біліктілігін арттыру» 80 академиялық сағат, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ПШО №067500 05.04.2024	біліктілігін арттыру» 80 академиялық сағат, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ПШО №067499 05.04.2024
--	--	--	---	--

3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

№	контингенттің құрылымы	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
1	Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі	11	107	11	110	11	99

Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі бойынша жылма жыл білім алушылардың отбасыларының қоныс аударуына байланысты кему бар. Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы бастауыш сыныптарда, негізгі орта білім беру сыныптарында 2021-2022 оқу жылында 2 білім алушы, 2022-2023 оқу жылында 3 білім алушы және 2023-2024 оқу жылында 1 білім алушы.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында мектепте 1-11 кластар бойынша 11 класс жиынтығында 107 білім алушы оқыған. Яғни әр класта толымдылығы бойынша 10-15 баладан келген. 2022-2023 оқу жылында 1-11 кластарда 11 класс жиынтығында 110 білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша 6-18 баладан

келген. 2023-2024 оқу жылында 11 класс комплектіде 99 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 7-14 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

**Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ бойынша
2021-2024 оқу жылындағы контингент қозғалысы**

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2021-2022	8	6	2	6	6	0	0	0	109
2022-2023	3	4	1	3	0	0	2	1	109
2023-2024	8	3	1	2	5	1	2	0	104

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2021 - 2022 оқу жылында «Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ» КММ контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 107 оқушыға білім берілген.

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығының 1-4 кластар үшін 34-қосымша, 5-9 кластар үшін 39- қосымша, 10 класс үшін 47- қосымша, 11 класс үшін 120-қосымша бойынша мектеп сыныптарына арналған оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2020-2021 оқу жылында 1-11 сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады.

Сабақ кестесі: **2021-2022 оқу жылында** білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе»нің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын тандау мүмкіндігі артты.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2021 жылғы 20.08 №415) енгізілген өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ)

тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылған.

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 100,5 сағат, негізгі орта білім беруге 167 сағат, жалпы орта білім беруге 76 сағат, барлығы 343,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 110 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 7 білім алушы оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 16-қосымша 5-9 кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022ж 30.09 №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 38-қосымша 10-11 кластар үшін жаңартылған оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетінің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 68 сағат, барлығы 318,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2021-2022 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы, қоңырау кестесі көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 318,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2023 - 2024 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 99 оқушы оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022ж 12.08 №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 5-9 кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022ж 30.09 №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 27-қосымша 10-11 кластар үшін жаңартылған оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетінің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 68 сағат, барлығы 318,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы, қоңырау кестесі көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 318,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2020-2023жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik kz», «bilimclass» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2020-2021 оқу жылында. 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» басшылыққа алынған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 5 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

5-9 сыныптарда білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

10-11 сыныптарда білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1, 2-қосымшалары);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 науырыздағы № 105 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығымен бекітілген «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру» бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде білім беру процесі ұйымдастырылған.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Талдау нәтижесі: Мектеп бес күндік жұмыс аптасында бір ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2021-2022 оқу жылында 5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылған.

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те, bilimclass толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт

талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар kundelik.kz-те толтырылған.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының 2021 жылдың 28 тамыздағы № 52-н/қ бұйрығы, 2022-2023 оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 28 тамыздағы № 54/4 -н/қ бұйрығы, 2023– 2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 01 қыркүйек № 72/7 -н/қ бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. Tel.zhamanmurunov инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Қайсар» әкелер мектебі, «Алтын оймақ» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Азамат» ер балалар клубы, «Шапағат» қыз балалар клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Сақшылар» жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2021 жылдың 28 қыркүйек күні, 2022 жылдың 22 қыркүйек күні “Болашақ” мектеп парламентінің сайлауы болып «Болашақ» мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2021-2022 оқу жылында - 107, 2022-2023 оқу жылында - 110, 2023-2024 оқу жылында – 103 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарында. Мектепте балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2021-2022 оқу жылы тәлімгер Жақсылық Гүлден 2022-2023 оқу жылынан бастап мектепте тәлімгер Баймұратова Үміт

тағайындалған . «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. Жас Ұлан ұйымының апталық, айлық , жылдық жоспарлары 7 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. 2021-2022 оқу жылында кеңес жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп , «Қамқор» еріктілер клубымен ынтымақтастықта жұмыс жасады. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар.

"Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2021-2022 оқу жылы	37	70
2022-2023 оқу жылы	37	73
2023-2024 оқу жылы	36	67

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша *мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі* бойынша 1- әлеуметтік педагог, 1- педагог - психолог қызмет атқарады . Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым - қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектеп дәлізінде орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2021-2022 оқу жылында Отбасы саны 51 болған. Көпбалалы отбасы - 8, балалары -32, толық емес отбасы саны -4, балалары – 5, әкесі қайтыс болған – 2 , анасы қайтыс болған – 0, ажырасқаны – 2, аз қамтылған отбасы – 2, білім алушы - 4 , атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 2, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 0 отбасы - 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. 2022-2023 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 12, толық емес отбасы саны -2, әкесі қайтыс болған – 1, анасы қайтыс болған – 0, аз қамтылған отбасы – 4, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 4, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 1, өгей әкемен бірге тұратын – 0, өгей анамен бірге тұратын 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. 2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 20, толық емес отбасы саны -1, жетім бала-1, арнайы санаттағы білім алушы-0, мүгедек бала-1, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0 денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекші білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

2020-2021 оқу жылында мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен 60000 теңге көлемінде аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына мектеп формасы, оқу құралдар табысталды. табысталған. 2022-2023 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына 100 000 теңге көлемінде мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық аясында көп балалы отбасы білім алушыларына аулымыздың кәсіпкерлерінің демеушілігімен 80 000 теңгеге материалдық (мектеп формасы, спорттық костюмдер, аяқ киімдер, оқу - құралдары) алынып берілді.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы

құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

2021 жылдың 2 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілер бірлестігін бекіту туралы» бұйрығы негізінде 2021 жылы бірлестік жетекшісі болып Сақып Баубек тағайындалған. 2022 жылдың 01 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілер бірлестігін бекіту туралы» бұйрығы негізінде класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі болып Талмурзина Маржангүл тағайындалды. 2023 жылы мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Мұқашева Ақмарал тағайындалған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2021-2022 оқу жылы	11	11	0
2022-2023 оқу жылы	11	10	1
2023-2024 оқу жылы	11	10	1

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	педагог
2021-2022	2	6	1	-	-	2
2022-2023	4	5	-	-	-	2
2023-2024	4	5	-	-	-	2

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2021-2022 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу».

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту».

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша «Болашақ» парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Отбасы күніне» орай өткізілетін іс шаралар негізінде 9-10 сынып аралығында «Анам, әкем, мен» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Ата-аналарымен бірге 5-7 сынып аралығында «Отбасым менің тірегім» тақырыбында «Толағай» сайысы өткізілді. 8-10 сынып аралығында «Менің отбасым» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Ұстаздар күні» мерекесіне орай 5-қазан күні білім алушыларды жалпы адамзатты құндылыққа бағыттауын өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өткізілді. Сонымен қатар 16- желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында танымдық кеш өткізілді. Жоспарға сәйкес «9- мамыр Жеңіс күніне орай» Ұлы жеңісті дәріптеу, өз Отанын, туған жерін сүю, қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында «Есімдері ел есінде» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте "Шабыт" дебат клубы құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. 2021 жылы Дебат клубының жетекшісі болып Әбіш Анель тағайындалды. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2021-2022 оқу жылында «Пікірсайыс деген не?», Сонымен қатар «Ұшқыр ой алаңы» жоба жетекшісінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары мен студенттердің арасында мектепішілік пікір сайыс турнирі өткізілген. «Болашақ мамандығым

тағдырым» басқада әртүрлі тақырыптарда мектепшілік дебат ойындары өткізілген. 2021 жылы дебат жетекшісі Әбіш Анель «Дебат: сындарлы диалог арқылы тұрақты даму» атты аудандық оқыту семинарына қатысып сертификат алды. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірбиелік орталығы ұйымдастырған семинарға қатысып сертификат берілді.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы жұмыс жасайды. Алғыс айту күніне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында членджі ұйымдастырылды. Білім алушылар өз оқыған кітаптың мазмұнын түсіндіріп, көшілікті кітап оқуға шақырды. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. Мектепте кітапхана инстаграм желісінде «Ертегілер елінде» айдары жүргізіліп, «Бірге оқимыз, бірге талқылаймыз» оқу марафоны ұйымдастырылған. Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған кітап» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары мектепте «Қамқор» еріктілер тобы құрылған. «Болашақ» мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырылып, үй жағдайында білім алатын білім алушыларға көмек берілген. Жоспарға сай әлеуметтік қолдауды қажет ететін жалғыз басты ананың ауласының қарын тазартып, көмектер көрсетілді. 1-қазан «Қарттар күніне» орай акция ұйымдастырылып «Қайырымдылық жасауға асығайық» тақырыбында «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының мүшелері аулымыздағы қарттарымызға сыйлық жасап, батасын алды. Жоспар негізінде «Достық біздің тірегіміз» тақырыбында «Қамқор» еріктілер клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен мектебімізді қардан тазартып жатқан жұмысшыларға ыстық шәй мен бауырсақ таратып көмектерін көрсетті. «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының ұйымдастыруымен Республика күніне орай «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясы және «Таза табиғат» акциясы өткізілген.

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында үйірменің жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Балалар және театр» жобасы бойынша ақпараттық бұрыш жабдықталған.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте *азаматтық-патриоттық, ұлттық- спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер* жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секциялардың саны	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны
2021-2022	5	74
2022-2023	4	55
2023-2024	4	65

2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге бірліктермен жүктеме берілген :

1. Данабай Дәлет - «Үстел теннисі»
2. Жаңабаев Темірбек – «Асық ату»

3. Жаңабаев Темірбек - «Тоғызқұмалақ»

4. Зиядин Ерлан – «Футбол»

5. Талғат Ерлан - «Волейбол»

2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген.

1. Зиядин Ерлан – «Футбол»

2. Данабай Дәлет - «Үстел теннисі»

3. Ұябаев Амангелді – «Шахмат»

4. Талғат Ерлан - «Волейбол»

2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген.

1. Зиядин Ерлан – «Футбол»

2. Шәкиев Жалғасхан – «Қол күрес»

3. Ұябаев Амангелді – «Шахмат»

4. Талғат Ерлан - «Волейбол»

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған. 2021-2022 оқу жылында Тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді таңдауда 11-сыныптарда оқушылардың таңдауы бойынша, Тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (шетел тілі, дүние жүзі тарихы), Стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (химия, биология) таңдау пәндері жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында 10 сыныпта 20.08.2021 жылғы №415 бұйрығының 30 қосымшасының қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнынның үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылған. Сол себептен тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндер таңдалмаған.

2022-2023 оқу жылында 10-11 сыныпта 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығының 27- қосымшасының қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнынның үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылған. Сол себептен тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндер таңдалмаған.

2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныпта 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығының 27- қосымшасының қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнынның үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылған. Сол себептен тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндер таңдалмаған.

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ кестесі kundelik.kz, bilimclass платформаларында инварианттық оқу жүктемесіндегі пәндер негізгі сабақ кестесіне, вариативтік компоненттегі пәндер қосымша білім беру бөліміндегі сабақ кестесіне бөлек жазылған. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. Педагогикалық кеңесте қаралған, бекітілген.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2021-22, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2021-2022 оқу жылы	0	0	0	0	2	0	2
2022-2023 оқу жылы	0	0	0	1	2	0	3
2023-2024 оқу жылы	0	0	0	1	0	0	1

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балалар болмағандықтан үйде тегін оқыту ұйымдастырылған жоқ.

Инклюзивтік білім беру туралы:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 3 оқушыға инклюзивті білім берілген. Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

2021-2022 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 2 білім алушы білім алған.

1. Анарбекұлы Самрат 8-сынып ПМПК № 21079 20.05.2021ж

2. Есіркегенов Елдос 8- сынып ПМПК №21081 20.05.2021ж

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 3 білім алушы білім алған.

1. Тұрар Заңғар 1- сынып ПМПК № 25415 18.05.2022ж

2. Анарбекұлы Самрат 8-сынып ПМПК № 23359 18.05.2022ж

3. Есіркегенов Елдос 8- сынып ПМПК № 23352 18.05.2022ж

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы білім алған.

1. Тұрар Заңғар 1 сынып ПМПК № 25415 17.05.2023ж

2021-2024 жылдар аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс- тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Педагог-психолог Г.Мимықова, әлеуметтік педагог Ы.Қаракесеков Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары”- на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Ы.Қаракесеков ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері

жинақталған.

Мектеп психологы Г.Мимықова, әлеуметтік педагог Ы.Қаракесекөв психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Ы.Қаракесекөв ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы балаларға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып бақылап әктілеп отырады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

Ерекше білім алатын оқушылармен жұмыс жасайтын педагогтер курстанды.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 ж 26.03. №125 енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар үшін, 19-қосымша 5-9 сыныптар үшін, 30-қосымша 10-сыныптар үшін, 1-қосымша 11-сыныптар үшін (2019ж 15.05. №205) оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

Мектеп компоненттен математика пәнінен логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Қызықты математика» курсы аптасына 1 сағаттан 2 сыныбында, «Математика әлемі» курсы аптасына 1 сағаттан 3 сыныбында, «Ғажайып математика» курсы аптасына 1 сағаттан 4 сыныбында жүргізілген.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар есебінен 5 класында оқушылардың эстетикалық сезімдерін және оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру мақсатында «Музыка сауаты »1 сағаттан жүргізілген. Мектеп компоненттен 6 класқа қазақтың ұлттық ою-өрнек топтарын, символикалық мән мағынасымен таныстыру мақсатында «Қолөнер» курсы аптасына 1 сағаттан 7 класқа білім алушылардың логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Графика» аптасына 1 сағаттан, 9 класқа вариативті компоненттен ҚР Білім мен ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша 9 Абайтану» курсы аптасына 1 сағат жүргізілген.

Оқу жоспарының таңдауы бойынша курстар бойынша 5 класқа оқушыларға тілдік білімдерін кеңейту мақсатында «Сөз сыры» курсы аптасына 1 сағат оқытылды. 6 класқа қазақтың ұлттық аспабы домбыраны қолдануды үйрету мақсатында «Домбыра» курсы аптасына 1 сағат жүргізілді. 7 класқа білім алушылардың қолданбалы өнер жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, шеберлікке баулу мақсатында «Шебер қолдар» курсы аптасына 1 сағат оқытылады. 8 класқа оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында «Мазмұнды есептер» курсы аптасына 1 сағат оқытылды. 9 класқа оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дарыту мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы

аптасына 1 сағат оқытылды.

Вариатив компонент есебінен 10 класта 1 сағат Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) оқытылған.

10 класта элективті курстар есебінен 1 сағат «Абайтану», Алғашқы әскери және технологиялық дайындық 1 сағат жүргізілген.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларының 58 тармағы негізінде 10 класта мектеп компонент бойынша білім алушылардың қоғамдық-гуманитарлық бағыт сауаттылықтарын арттыру мақсатында «Культура речи» аптасына 1 сағат, «Елтану» курсы аптасына 1 сағат, «Орфографическая зоркость» курсы аптасына 1 сағаттан, психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып кәсіби бағдарлау мақсатында аптасына 1 сағат техникалық мамандықты меңгеру алдындағы даярлықты жүзеге асыру мақсатында математикалық ұғымдарды қолдану дағдысын дамыту үшін «Есептеу техникасы» 1 сағат оқытылған.

11 мектеп түлектерін нақты мамандануға және олардың болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдайтын мамандықтарына байланысты стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдауға бағыттап оқыту үрдісі жоспарланды. Білім алушылардың қажеттіліктерін, сұраныстарын және бейімділіктерін негізге ала отырып, таңдау бөлімінен «шетел тілі мен дүниежүзі тарихы» пәндерді аптасына 3 сағаттан жүргізілген.

Стандарттық деңгей бойынша «химия», «биология» пәндер аптасына 2 сағаттан жүргізілген.

Элективті курс негізінен 11класс білім алушыларына 1 сағат «Абайтану» курсы оқытылған.

Мектеп компонент есебінен 11 кластар «Математикалық сауаттылық» оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында 1сағат оқытылады, білім алушыларға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуы үйрету мақсатында «Ағылшын тілі грамматикасы» курсы аптасына 1 сағат жүргізілген. 11 кластың білім алушыларына экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру мақсатында аптасына 1 сағат «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы, 11 класта «Әдебиет айдыны» курсы аптасына 1 сағат оқытылған. 11 класта «Информатика негіздері» курсы аптасына 1 сағат жүргізілді. 11 класта орыс тілінен грамматикалық материалды жақсы меңгерту мақсатында «Современный русский язык» курсы аптасына 1 сағат оқытылды.

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер)енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *1-қосымша 1-4* кластар үшін; *1-қосымша 5-9* кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09 №412 бұйрығымен егізілген өзгертулер) *27-қосымша 10-11* кластар үшін оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1 кластарда: 1 класта мектеп компоненттен, математика пәнінін логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін «*Ғажайып математика*» аптасына 1 сағаттан, 2 класта математика пәнінен «*Математика әлемі*» аптасына 1 сағаттан, 3 класта мектеп компонентінен математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін математика пәнінен «*Қызықты математика*» аптасына 1 сағаттан, 4 класта мектеп компонентінен математика пәнінен «*Логикалық математика*» аптасына 1 сағаттан оқытылған.

Негізгі орта білім берудің (5-6 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталған.

Мектеп компоненттен 5 -9 кластарда білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, әдептілік нормалары мен мәнез-құлық ұстанымдарын қалыптастыру мақсатында «*Жаһандық құзыреттілік*» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

5 класта –«Жаһандық құзыреттілік»- аптасына 1 сағат,

6 класта – «Жаһандық құзыреттілік» аптасына 1 сағат,

7 класта- « Жаһандық құзыреттілік» аптасына 1 сағат,

8 класта- «Жаһандық құзыреттілік» аптасына 1 сағат,

9 класта-«Жаһандық құзыреттілік» аптасына 1 сағат, барлығы-5 сағат оқытылды.

Оқушылардың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен "Ғажап әлем" курсы оқушылардың ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөздік қорын дамыта отырып, сауатты жазуға, қатесіз сөйлеуге үйрету мақсатында 10 класта *аптасына 1 сағаттан* оқытылады. 10 класта "Елтану" курсы қазіргі әлемдегі аймақтар мен елдерді оқу барысында оқушылардың экономикалық-географиялық, саяси-географиялық, дүниедүзілік шаруашылық туралы жан-жақты географиялық білім беру мақсатында *аптасына 1 сағаттан* оқытылады.

"Ағылшын тілі грамматикасы" курсы ағылшын тілінің тілдік қызметін жүйелі меңгерту, грамматика бойынша тереңірек теориялық білім білік дағдысын қалыптастыруда 11 класта *аптасына 1 сағаттан* оқытылады.

11класта «Қазақ мәдениеті» мектеп курсы оқушыларға Отанымыздың тарихын Халықаралық байланыстарын тереңдетіп оқыту, Қазақстанның сыртқы саясатын оқыту, әлемдік қауымдастықта орнын алатынын меңгерту мақсатында аптасына 1 *сағат* жоспарланып жүргізіледі.

10 және 11 кластарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру, білім алушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгерту мақсатында 10 класқа аптасына 1 сағат, 11 класқа аптасына 1 сағат оқытылады.

2023-2024 оқу жылында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер)енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *1-қосымша 1-4* кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *6-қосымша 5-9* кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09 №412 бұйрығымен егізілген өзгертулер) *27-қосымша 10-11* кластар үшін оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҰОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1 кластарда: 1 класта мектеп компоненттен, математика пәнінін логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін «*Математика өмірде*» аптасына 1 сағаттан, 2 класта математика пәнінен «*Қызықты математика*» аптасына 1 сағаттан, 2 класта «Көркем жазу» аптасына 1 сағаттан , 3 класта мектеп компонентінен математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін математика пәнінен «*Ғажайып математика*» аптасына 1 сағаттан, 4 класта мектеп компонентінен математика пәнінен «*Логикалық математика*» аптасына 1 сағаттан оқытылған.

Негізгі орта білім берудің (5-6 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталған.

Мектеп компоненттен 5 -9 кластарда білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, әдептілік нормалары мен мәнез-құлық ұстанымдарын қалыптастыру мақсатында «*Жаһандық құзыреттілік*» жүргізілген.

5 класта –«Жаһандық құзыреттілік»- аптасына 0,5 сағат,

6 класта – «Жаһандық құзыреттілік» аптасына 0,5 сағат,

7 класта- « Жаһандық құзыреттілік» аптасына 0,5 сағат,

8 класта- «Жаһандық құзыреттілік» аптасына 0,5 сағат,

9 класта-«Жаһандық құзыреттілік» аптасына 1 сағат, 5-9 кластар аралығында барлығы-3 сағат оқытылды.

Оқушылардың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін

кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен "Математикалық сауаттылық" курсы математикалық сауаттылыққа арналған есептерді шешуде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында 10 класта *аптасына 1 сағаттан* оқытылады. 10 класта "Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілік салты" курсы оқушыларды ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәріптеу мақсатында *аптасына 1 сағаттан* оқытылады.

"Алаш идеясы және Алаш қозғалысы" курсы оқушыларды тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында 11 класта *аптасына 2 сағаттан* оқытылады.

10 және 11 кластарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру, білім алушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгерту мақсатында 10 класқа аптасына 1 сағат, 11 класқа аптасына 1 сағат оқытылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Зерделеу барысында: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсы жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдың 02 қыркүйектегі мектеп директорының «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. "Назар аударыңыз, балалар" іс-шара, «Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Біздің қала, аудан», «Жол жүру ережелері», «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», «Жол белгілерінің халықаралық тілі» сынып сағаттары, «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы бойынша Ырғыз ауданы жергілікті учаскелік полиция инспекторымен кездесу, «Көңілді бағдаршам», «Біз-жас жол қозғалыс инспекторларымыз» сайыстары ұйымдастырылған. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған.

«Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» мектеп директорының 2022 жылғы 01 қыркүйектегі бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. 2022-2023 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте" тақырыптарында ақпараттық сағаттар, "Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты, білім алушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін қалыптастыру, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу мақсатында «Сақшылар» жас жол қозғалысының инспекторлары мен «Болашақ» мектеп парламенті 5-8 сынып білім алушыларына ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, «Болашақ» мектеп парламенті «Бағдаршам» туралы, «Бала және бағдаршам» атты бейнеролик дайындаған. Ырғыз ауданы полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Ізтілеу Самғат Сайлауұлы білім алушылармен кездесіп, жолда жүру ережелері бойынша кеңестер беріп, жол белгілерін айыра білудің қаншалықты маңызды екендігін түсіндірген. Сынып жетекшілер жол

білім алушыларға бейне ролик көрсетіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізген, жүргізушілерге үндеу хаттарын таратқан. Мектепішілік «Менің қаламдағы қауіпсіз жол қозғалысы» тақырыбында мектепішілік суреттер байқауы, 5-6 сыныптар арасында “Біз- жас жол қозғалыс инспекторларымыз”, бастауыш сыныптар арасында «Көңілді бағдаршам» сайыстары өткізілген. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;
Зерделеу барысында:

Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес.

2021-2022 оқу жылын зерделеу барысында жалпы 345,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта-22,5, 2-сыныпта – 24, 3 және 4-сыныптарда -27 сағаттан, барлығы – 100,5 сағатты құрап отыр. Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта–35 сағаттан, 9- сыныпта-36, барлығы - 167 сағатты құрап отыр. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылын зерделеу барысында жалпы 318,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5- сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан, барлығы-155 сағатты құрайды.10-сыныпта-34 сағаттан, 11-сыныпта-34 сағаттан, 10-11 сыныптарда барлық апталық жүктеме-68 сағатты құрайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2023 оқу жылын зерделеу барысында жалпы 318,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5- сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан, барлығы-155 сағатты құрайды. 10-сыныпта-34 сағаттан, 11-сыныпта-34 сағаттан, 10-11 сыныптарда барлық апталық жүктеме-68 сағатты құрайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 22,5 сағат, жылдық 734,5сағат, 2-класта – апталық 23 сағат, жылдық 782 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 986 сағат, 6-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат, 7-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1088 сағат, 8-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 29 сағат, жылдық - 986 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 2 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 6-сыныпта апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 7- сыныпта апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 8-сыныпта апталық -2 сағат, жылдық-68 сағат, 9-сыныпта апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 10 сыныпта апталық – 8 сағат, жылдық-272 сағат, 11-сыныпта апталық – 7 сағат, жылдық – 238 сағатты құрайды.

2022 -2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты

және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 18,5 сағат, жылдық 638,7 сағат, 2-класта – апталық 23 сағат, жылдық 828 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 900 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 900 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1116 сағат, 8-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1008 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1188 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 31 сағат, жылдық - 1116 сағатты, 11-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық - 1116 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 35 сағат, 2 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 36 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 2 сағат, жылдық – 72 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 0,5 сағат, жылдық – 18 сағат, 6-сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 18 сағат, 7- сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 18 сағат, 8-сыныпта апталық -0,5 сағат, жылдық-18 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 36 сағат, 10 және 11 сыныптарда апталық – 6 сағат, жылдық-216 сағатты құрайды

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 18,5 сағат, жылдық 602,25 сағат, 2-класта – апталық 22 сағат, жылдық 748 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 8-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1088 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 31 сағат, жылдық - 1054 сағатты, 11-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық - 1054 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 33 сағат, 2 сыныпта апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 0,5 сағат, жылдық – 17 сағат, 6-сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 17 сағат, 7- сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 17 сағат, 8-сыныпта апталық -0,5 сағат, жылдық-17 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 10 және 11 сыныптарда апталық – 6 сағат, жылдық-204 сағатты құрайды

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Kundelik.kz» журналы арқылы тексерілді. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған.

Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген.

2021-2022 оқу жылдары кластарды екі топқа жүргізілген жоқ.

2022-2023 оқу жылы кластарды екі топқа бөлу(оқушылар саны 24 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде жүргізілген.

Негізгі орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы 43-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны ауылдық жерде 20 және одан артық болғанда ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні бойынша жүргізілген.

Топқа бөлінген класс:

2022-2023 оқу жылында:9 сыныбы. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар (Анарбекұлы С, Есіркегенов Е), 9 сыныптарында білім алды. Инклюзивті білім беру шеңберінде 42-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған.

2023-2024 оқу жылдары кластар бала санына байланысты екі топқа бөлінген жоқ.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2021-2022,2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау, 10- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2021-2022 оқу жылының басында 107 оқушы. 1- сыныпқа 14 оқушы, 10- сыныпқа 9 оқушы қабылданған. 9 кластан 8 оқушы, 11 кластан 7 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2022-2023 оқу жылының басында 110 оқушы. 1- сыныпқа 11 оқушы, 10- сыныпқа 8 оқушы қабылданған. 9 кластан 18 оқушы, 11 кластан 8 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2023-2024 оқу жылының басында 99 оқушы. 1- сыныпқа 7 оқушы, 10- сыныпқа 9 оқушы қабылданған. 9 кластан 10 оқушы, 11 кластан 10 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.

сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2023 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «kundelik.kz», «bilimclass» күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған. Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
2) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 8 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2021-2022 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы « Орта білім беру ұйымдарында 2022– 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2022-2023 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2023-2024 оқу жылы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 –бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес бұйрығы негізінде төмендегідей белгіленген:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

5.Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне

қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимараттұралымәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

Мектептің 2009 жылы 28 желтоқсанында ашылған. Жалпы ауданы –9499 ш/м. Мектеп ғимараты 180 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет: **2020 жылы** кабинет есіктері, терезе жақтаулары қайта жөнделді. Жылу жүйесінің трубалары ауыстырылды, котелный мен мектеп арасындағы трубалар алмастырылды. Мектеп ғимаратындағы өрт қауіпсіздік есіктеріне темір есіктер салынды.

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орныдары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған.

4. Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер саны-10.

Физика-1 (32,37 м²); Химия-1, (66,64 м²); Биология-1,(63,80 м²); АӘЖТД -1,(67,01 м²); Қазақ тілі мен әдебиеті-1, (48,80; Бастауыш кабинеті -2, (65,50-64,80 м²); Технология кабинеті (ұл)-1, (67,20 м²); Технология кабинеті (қыз)-1, (33,60 м²), информатика кабинеті -1 (66,62м²).

5.Интерактивті панель тақта-3; коньки-0 доптар (баскетбол, волейбол, футбол, ганбол)-5; обруч-0; эстафеталық ойындар үшін фишкі-10; эстафеталық ойындар үшін кедергілер-6; маты-21,т урник-1; арқан-1; гимнастикалық ат,бөрене,брус, гимнастикалық қабырға-6; т.б тоғызқұмалақ-5, шахмат-5.

Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеттер саны-7: директор-, оқу-ісі жөніндегі орынасары кабинеті-1, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кабинеті-1, медкабинет-1, психология -1, Акт зал-172,8кв/м, Спорт зал-278 ш/м

Мектепте оқу кабинеттерінің жабдыкталу көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал жабдықтар, физика, биология, химия, информатика кабинеттерімен жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б. зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде графопроектормен жабдықталған. Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың ноутбуктармен, мобильді құрылғылармен қамтамасыз етілген.

2021-2022 оқу жылы. 2021-2022 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 32 педагог (оның ішінде сабақ бермейтін 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 шеберхана меңгерушісі) жұмыс атқарады. 32 педагог ішінде: санаты жоқ - 6, екінші санатты-0, бірінші санатты-3, жоғары санатты-0, «педагог-модератор»-10, «педагог-сарапшы»-9, «педагог-зерттеуші»-4, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 50%.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **13**. «педагог»-3, бірінші санат-1, екінші санат-0, педагог-модератор-4, «педагог-сарапшы» –5, «педагог-зерттеуші» –0, «педагог-шебер»-0. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам-**46,10%**-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **24**. Оның ішінде, «педагог»-5, жоғары санатты-0, бірінші санатты-3, «педагог-модератор»-7, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-4, «педагог-шебер»-0. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **50%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

